

Р.Ж. Талапбай

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ, Қазақстан

АЛГЕБРАНЫ ОҚЫТУДА 9-СЫНЫПТАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Соңғы уақытта педагогикалық білім беруде бағалау жүйесі мәселелері қоғамның жіті назарында. Оқытудың бағалау компоненті әрқашан білім алушының меңгерген білімін растау үшін қолданылды. Әр бағалау жүйесі әр түрлі міндеттер қойды. Дегенмен, оқушының психоэмоционалдық жағдайы педагогтардың назарында әртүрлі деңгейде болды. Қазақстанның білім беру жүйесі бірнеше жылдан бері жаңартылған бағдарлама аясында бағалаудың критериялды жүйесіне көшті. Қоғам, яғни басқа жүйеде жұмыс істеген педагогтар және сол жүйе бойынша оқыған ата-аналар қазіргі жаңартылған жүйені толық қабылдамауда немесе түсінбеуде, бұл өз кезегінде резонанстық реакция тудырды. Әсіресе бұрынғы бағалау жүйесіне үйреніп қалған жоғары сынып оқушылары үшін, бұл қиынға соқты. Осы тұста мұғалімдер және ата-аналар тарапынан оқушыларға психологиялық қолдау керек екені анық. Педагог тек оқушыларға білім беріп қана қоймай, олардың психологиялық жағдайында әрқашан өз назарында ұстау қажет.

Түйін сөздер: қалыптастырушы бағалау, «lesson study» әдісі, дескриптор

Психологиялық зерттеулер бойынша педагогтың, сыныптасының, ата-анасының және басқа да тұлғалардың бағалауы сыртқы уәж ретінде оқушының ішкі уәжін дамытады, яғни білім алушы білмегенін білуге ұмтылады. Оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін педагог белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануы және оқушылардың жек-бас құндылығын дамытуы қажет.

Бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері білім алушылардың жұмысындағы кемшіліктер мен оларды жою себептерін анықтайды. Себебі, мұғалімге оқушылардың білім деңгейіне және олардың қалай бағаланғанына қатысты ақпарат беру маңызды.

Бірақ бұл оңай шешілетін мәселе емес. Осыған орай педагогтар түрлі әдіс-тәсілдер қолдануда. Соның ішінде соңғы уақыттарда мектептерде қолданылып жүрген «Lesson study» әдісінің 9-сыныптарда алгебра пәніне қолданылуын айта кетейік.

Ең бірінші «Lesson study» әдісі не үшін және қандай мақсатта жүргізілетініне тоқталатын болсақ. Жоғарыдан айтып өткендей мұғалімдер оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, оқушыларға түсінікті әрі өтімді болуына назар аудару қажет. Бірақ оқушылардың саны бір сыныпта 25-30 болғандықтан, барлығын жіті назар ұстау қиынға соғады. Сондықтан осындай мәселеде «Lesson study» әдісі көмекке келеді. Бұл әдіс сол сыныптың пән мұғалімдерінің сабаққа қатысуымен жүргізіледі. Мұғалімдер саны үшеу болады және олар пән мұғаліммен бірлесе отырып сабақты жоспарлайды. Осыдан кейінгі кезең сабаққа қатысу арқылы оқушыларды бақылау және соңында бірлесе отырып сабақты талдау. Бұл әдіс мақсаты мұғалімнің оқытуына емес

оқушының оқуына назар аудару болып табылады. Нысанға алған оқушылардың әр сабақ сайын қандай өзгерістер болып жатқанын назарда ұстайды. Қандай өзгерістер болып жатқанын назарда ұстау үшін критериалды бағалаудың бір түрі қалыптастырушы бағалау көмекке келеді.

Оқу мақсаты: 9.3.1.6 Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Ньютон биномы формуласын қолданады;
- Ньютон биномы қасиеттерін қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

- Білу және түсіну
- Қолдану

1-тапсырма

Бином жіктелуіндегі төртінші мүшесін табыңыз: $(x + 1)^8$

Дескриптор: Білім алушы

- теру коэффициентінің формуласын қолданады;
- бином жіктелуіндегі ізделінді мүшесін табады;

2-тапсырма

$(2x + 1)^8$ өрнегінің жіктелуіндегі x -ке тәуелсіз мүшесін және ретін табыңыз.

Дескриптор: Білім алушы

- теру коэффициентінің формуласын қолданады;
- бином жіктелуіндегі ізделінді мүшесін табады;
- бином жіктелуіндегі ізделінді мүшенің реттік нөмерін табады.

3-тапсырма

$(x^2 - 1)^8$ бином жіктелуіндегі x^{10} мүшесінің коэффициентін табыңыз.

Дескриптор: Білім алушы

- теру формуласын қолданады;
- бином жіктелуіндегі ізделінді коэффициентті табады.

4-тапсырма

$(x - 2y)^8$ бином жіктелуіндегі коэффициенттерінің қосындысын табыңыз.

Дескриптор: Білім алушы

- бином жіктелуіндегі коэффициенттердің қасиетін қолданады;
- бином жіктелуіндегі коэффициенттердің қосындысын табады.

Сабақ барысында нысанға алынған оқушылардың сабаққа қатысуын және сабақ соңында алынған қалыптастырушы бағалауды қалай орындағанын мұғалімдер тобы талдау жүргізеді. Оқушылардың сабаққа қатысуымен қатар олардың психологиялық мінез құлықтарына, яғни сабақта өзін ұстауына баға береді. Бұл өз кезеңінде оқушылардың үлгеріміне әсер ететін сыртқы факторларды табуға көмектеседі.

Сабақтың тақырыбы: Ньютон биномы

Осы Lesson study-де оқушылардың қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауын, осында берілген дескрипторларды қалай қолданғандарын тексеру			
Ағымдағы жетістіктер	Бақылаудағы А оқушы Амангелді Аружан үлгерімі жақсы оқушы	Бақылаудағы В оқушы Ақылбек Иса үлгерімі орташа оқушы	Бақылаудағы С оқушы Талбілімова Эланора үлгерімі төмен оқушы
Сабаққа барысы	Берілген формулаларды есепке дұрыс қолдана білді	Берілген формулаларды қолдануда мұғалімнің көмегіне сүйенді	Тақырыпты түсіндіру үшін жек жұмыстану қажеттілігі туындады
1)Қалай жауап береді деп күтесіз? 2)Жауап беру кезінде қалай бақыланды?	1)Дескрипторларды дұрыс пайдаланып, есептерді дұрыс шешеді 2) 1-3 есептері дұрыс. Төртінші есебі соңына жетпеген.	1)Дескрипторларды толық пайдаланбайды 2) Екі есебі толық дұрыс, 3-4 есептері толық аяқталмаған	1)Дескрипторларды дұрыс пайдаланбайды 2) Бірінші есебі толық дұрыс, 2-4 есептері толық аяқталмаған

Жүргізілген талдаудан кейін, келесі сабақтың мақсатымен танысып, нысанға алынған оқушыларға келесі сабақта қандай әдіс-тәсілдер қолданатынын шешеді. Әр сабақ сайын оқушыларға қолданған әдістердің қаншалықты тиімді болып, олардың үлгеріміне әсер етіп жатқанын көру арқылы, ең тиімді тәсілді табады. Бұл өз кезеңінде оқушылардың оқу жетістігін бағалауға және білім деңгейін көтеруге үлкен пайдасын тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

[1] Кері байланыс беру үшін 5-9 сыныптар оқу пәндерінің оқу мақсаттарына сәйкес рубрикаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. –

Нұр-сұлтан қ.: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.- 200 б.

[2] Шыныбеков А.Н. Алгебра. 9 – сынып. - Алматы: Атамұра, 2013. - 192 б.

[3] Макарычев Н., Миндюк Н.Г., Нешков К.И. Алгебра. 9 – сынып. - Алматы: Жазушы, 2009. - 352 б.

[4] Рахатова К.Ж., Бексултанова И.И. – Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау: жас ұстаздарға арналған әдістемелік құрал.